

Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі Башкөл ауылының "Айжана" шаруа қожалығының аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 тамызда № 5171 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 26 ақпандағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі әкімінің 26.02.2018 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 128 ұсынысы негізінде Баскөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Ірі қара малдың сарып ауруының шығуына байланысты Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі Башкөл ауылының "Айжана" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Шешім оның алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Баскөл ауылдық округінің әкімі

Н. Балыкбаев